

Шыңғырлау ауданы әкімінің 2022 жылғы 4 сәуірдегі № 1 "Шыңғырлау ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 1 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 қыркүйекте № 7251-07 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27 бабына сәйкес
ШЕШТІМ:

1. Шыңғырлау ауданы әкімінің "Шыңғырлау ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2022 жылғы 4 сәуірдегі №1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27401 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М. Умралеев